

19-тарау.

Сақтандыру үйымдарының нарық жағдайындағы қызметі

19.1.

КР сақтандыру рыногы және оның құрылымы

Сатып алу-сату объектісі ретінде қызмет түріндегі сақтандыру арқылы қорғау болатын, оған деген сұраныс пен ұсыныс қалыптасатын, экономикалық қатынастар сферасы сақтандыру рыногы деп аталады. Сақтандыру рыногының міндетті шарты болып сақтандыру қызметтеріне қоғамдық қажеттіліктің болуы мен осы қажеттіліктерді қанағаттандыруға қабілетті сақтандырушылардың болуы табылады.

Сақтандыру рыногы экономикалық, қаржылық, ақпараттық байланыстардың күрделі, интеграцияланған жүйесін корсетеді, сақтандыру компаниялары мен сақтандырылушылар, сақтандыру қызметі мен сақтандыру төлемдері түріндегі өзара әрекеттегі элементтерді қамтиды.

Сақтандыру рыногы қаржы-несие сферасының белгілі ретінде оның тұрақты жұмыс істеуін қоғамдық ұдайы өндіріс процесінде сақтандырудың мәнін есепке ала отырып қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік реттеу және бақылау объектісі болып табылады.

Сақтандыру рыногының өмір сүруінің міндетті шарты болып сақтандыру қызметтеріне деген сұраныс пен оны қанағаттандыра алатын сақтандырушылардың болуы табылады.

Сақтандыру нарығын құрудың себебі болып қолайсыз жағдайлардан жапа шеккендерге ақшалай көмек көрсету қажеттілігі табылады. Бұл нарыкта сақтандыру қызметі сатылады және олардың қоғамдық танылуы құн, сұраныс, жеке ұсыныс заңдары

негізінде жүзеге асырылады. Сақтандыру рыногының пайда болу шарты болып тауарлы өндірістің пайда болу шарты, қоғамдық еңбек белінісі мен тауар өндірушілердің оқшаулануы саналады.

Сақтандыру рыногы қаржы нарығының маңызды элементі болып табылады. Сақтандыру екі тараптың келісімі болып табылады, ол бойынша тәуекел олардың арасында белінеді, сонымен катарап бір тарап келесісін төлемділік принципі бойынша сақтандырады. Бұл қоғамдық қатынастың тарихи тамыры бар, бірақ кәсіби сақтандырып қорғау XVIII ғасырдың ортасында ұсыныла бастады, мұліктік және жеке сақтандыру түрлерінің тұтас спектарін орындағы.

Сақтандыру рыногы ұдайы өндіріс процесінің барлық буындарымен тығыз байланысты экономиканың құрамдас белгі бола отырып, сақтандыру рыногы қоғамның өндіргіш қүштерінің даму жағдайы мен деңгейін сипаттайды және экономиканың дамуна белсенді ықпал етеді.

Сақтандыру рыногы – ақпараттық ағындар баскаруышылық шешімдерді іске асыруды қамтамасыз ететін белсенді ақпараттық байланыстар алаңы.

Сақтандыру рыногы тәуекел, алдын-алу, жинақтауышы және бақылау функцияларымен қатар, келесідей функцияларды атқарады:

- реттеуіші, олар мемлекеттік реттеуге жатады;
- коммерциялық, өйткені онда сақтандыру компаниялары қызмет атқарады, олар коммерциялық типтегі заңды тұлғалар және мақсат етіп пайда алуды қояды;
- бағалық, өйткені онда сақтандыру қызметін деген сұраныс пен ұсыныска тәуелділікте оған деген тере-тендік баға қалыптасады;
- сенімділік, өйткені сақтандыру сақтандыру объектісін қорғауға негіз болады;
- сақтандыру рыногының болу функциясы сақтандыру қорын қалыптастыру және нысаналы пайдалану нысанындағы сақтандыру механизмін іске асырады;
- сақтандыру рыногының инвестициялық саясаты уақытша бос қаражаттарды бағалы қағаздарға, банк депозиттеріне, жылжымайтын мұлікке орналастыру арқылы іске асырылады.

Сақтандырурын мемлекеттік реттеу арнаиы салық саясаты, сақтандыру қызметі бойынша зандарды қабылдау арқылы жүзеге асырылады. Сақтандыру компанияларының инвестициялық қызметін мемлекеттік реттеу сақтандырурындың бөлінбес элементі болып табылады.

Қазакстандық сақтандырурындың құрылымы оның қатысушылары мен сақтандыру салаларын қамтиды. Олар өз қызметін ҚР Конституциясын, ҚР «Сақтандыру қызметі тура-лы» Заңын, басқалай нормативті-құқықтық актілерді қамтитын нормативті-құқықтық базада құрады.

Осы нормативтік актілерге сәйкес сақтандырурындың қатысушылар болып келесілер табылады:

- сақтандыру қызметтеріне сұранысты құрайтын сақтандырушылар;
- осы сұранысты қанағаттандыратын сақтандырушылар;
- сақтандырурындың тұрақтылығын ұстайтын қайта сақтандырушылар;
- сақтандыру инфракүр lýмының ұйымдары.

Әлеуметтік-экономикалық кеңістіктің бөлігі болып табылатын сақтандырурындың қатысушылар (субъектілері) болып келесілер табылады:

- сақтандырушы – сақтандыру шартын әзірлейтін сақтандырурындың компаниясы және сақтандырылышыға сақтандыру оқиғасы түскенде шығынды өтеуге міндеттеледі. Ол ұйымдар мен халыққа сақтандыру шартын ұсынады. Егер де потенциалды сақтандырылышыларды бұл қанағаттандырса, онда олар сақтандыру шартын жасайды және оған сәйкес сақтандырушыға сақтандыру жарналарын төлейді. Лицензиясы бар, мақсаты пайда алу болып табылатын занды тұлғаларға сақтандырушы болып табылады. Егер сақтандыру шарты бір мерзімде бірнеше сақтандырушымен жасалынса, онда олар сақтандырылышы алдындағы қарыз бойынша ынтымақты жауапкершілікті алады. Бұл сақтандыруды жүргізуге лицензиясы бар, сақтандыру қоры қаражаттарын құру мен жұмсаумен айналысадын занды тұлға. Сақтандырурындың ұйымдары АҚ, өзара сақтандыру

қоғамдары, қайта сақтандырурындың қоғамдары, қайта сақтандырурындың компаниялары, сақтандырушылар болып табылады. Сақтандырурындың өнімін сақтандырурындың жылжытуды және оны іске асыруды сақтандырурындың делдалдары: сақтандырурындың агенттері мен брокерлері жүзеге асырады;

- сақтандырылышы – сақтандырушымен келісімшарт жасаған занды немесе жеке тұлға, ол бойынша сақтандырушы сақтандырылышыға сақтандыру оқиғасы түскен кезде сақтандырурын төлемдерін төлейді;
- сақтандырып қорғауға Қазақстан азаматтарымен катар, шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ азаматтар және шетелдік занды тұлғалар да құқылы;
- пайда алушы – шартта тарап болмай, міндеттеменің орындалуын өз пайдастына талап ету құқығын алған үшінші тұлға;
- сақтандырылған – өмірінде сақтандырушы сақтандырурын төлемін төлейтіндегі оқиға болуы мүмкін тұлға;
- қайта сақтандырушы (цедент) – өзі қабылдаған сақтандырурын тәуекелдерін қайта сақтандыруға беруді жүзеге асыратын сақтандырурын немесе қайта сақтандырурын ұйымы;
- сақтандырурын агенті – берілген өкілеттігіне сәйкес сақтандырурын ұйымының атынан және тапсыруымен сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлға;
- сақтандырурын брокері – сақтандырурын және қайта сақтандырурын мәселелері бойынша консультациялық қызметті, өз атынан және сақтанушының тапсыруымен сақтандыру шарттарын немесе өз атынан және цеденттің тапсыруымен қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын занды тұлға;
- актуарий – сақтандырурын (қайта сақтандырурын) ұйымының қажетті төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылық деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандырурын және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерінің экономикалық-математикалық есептеулерін жүзеге асыруға байланысты қызметті атқаратын жеке адам;

- уәкілетті аудиторлық үйім (уәкілетті аудитор) – уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) үйімдің аудиті жөніндегі қызметті жүзеге асыратын аудиторлық үйім (аудитор);
- өзара сақтандыру қоғамы – бұл сақтандырушылардың бірлестігі, сақтандыру қорын коммерциялық үйім болып табылмайтын өзінің мүшелерініне көмек көрсету үшін, өзінің мүшелерінің құшімен құрады;
- сақтандыру пулы – тәуекелдердің бірігіп сақтандыру үшін сақтандыру компанияларының бірігуі. Әрбір компания пулға сақтандырылған тәуекелдерді береді және жарналар үлесін алады, осы үлесте жауапты болады. ҚР ірі тәуекелдердің сақтандыру үшін «Қазақстан» пулы, тұрғын-үй иелері болып табылатын азаматтардың заладарын толтыру үшін «XXI тұрғын үй қоры» пулдары құрылған. Сақтандырылуышылар үшін сақтандыру пулымен сақтандыру шартын жасау сақтандыру оқиғасы түсken кезде сақтандырушылардың әр қайсысымен реттеу мүмкіншілігін білдіреді. Сақтандыру қатынастарын үйімдастырудың осындай нысаны бірігіп сақтандыру деп аталады.

Сақтандыру пулы оған барлық қатысушылар алдын ала жауапкершіліктің келісілген үлесіне қатысатын полистерді сагады, ол сақтандырушы қатынастында осы үлес шенберінде сипатталады және пулға қатысушылар оның үлесінен алғын тәуекелді ала алмайды.

Сақтандыру қатынасы келісімді болып табылады. Сақтандыру шарты – бұл сақтандырушы мен сақтандырылуыш арасындағы мәміле, осыған байланысты сақтандырушы сақтандыру оқиғасы түсkenде сақтандырылуышыға немесе оның мұрагеріне сақтандыру төлемін төлеуге міндеттеледі, сақтандырылуышы белгіленген мерзімде сақтандыру жарнасын төлеуге міндеттеледі.

Сақтандыру шарты – бұл тәуекелді беру тәсілі. Жеке және мүліктік сақтандыру шартын ерекшелейді. Ол ерекше және сактау, кепілгерлік және заем шарттардан ерекшеленеді. Егер де шартта көрсетілген жағдай өзгерсе сақтандырылуышы сақтандырушыға хабарлауы керек, басқаша жағдайда соңғысы шартты бұзу құқығын алады.

Сақтандыру қадағалауын жүзеге асыратын өкілетті мемлекеттік орган болып Қаржы нарығы мен қаржы үйімдарын реттеу және қадағалау бойынша агенттілік табылады, ол ҚР ҰБ бөлімшесі. Оның тапсырмалары:

- тұрақты сақтандыру жүйесін құру мен ұстау және ҚР сақтандыру рыногының инфрақұрылымын қалыптастыру;
- сақтандыру қызметіне қадағалау және оны реттеу;
- сақтандыру түрлерінің нақты тізімін, тәртібі мен принциптерін, сақтандырылуышылар мен сақтандырушылардың құқықтары мен міндеттерін анықтау мен сақтандырудың қазіргі заманғы зандастық базасын әзірлеу;

Сақтандыру рыногының құрылымы институционалды, аймақтық және салалық аспекттерде сипатталуы мүмкін.

22-суретте Қазақстанның сақтандыру рыногының институционалды құрамы көрсетілген.



22-сурет. ҚР сақтандыру рыногының институционалды құрылымы.

Сақтандыру рыногына тікелей қатысушылар болып бірлестіктің құра алатын сақтандырушылар табылады. Сақтандыру қызметін пайдаланушылар рыногы және олардың мұдделерінің бағыттылығы сандық және сапалық түрде өзгереді.


23-суретте ҚР сақтандыру рыногының салалық құрылымы көрсетілген.

ҚР «Сактандыру қызметі туралы» заңында сактандырудың міндетті салаларының (сыныптары) нақты тізімі келтірілмеген, бірақ осындай әрбір сынып үшін сактандырудың осы сыныбын реттейтін заңға бағынышты актінің бөлу керектілігі көрсетіледі.

Сактандырурындың тауары болып тұтынушылық құны сактандыру қорғанысымен қамтамасыз етуде болатын сактандыру құны табылады, ал баға сактандыруды өтеу шығындарымен немесе сактандырумен қамтамасыздандыруға, істі жүргізу шығындарымен және сактандырушы пайдасымен анықталады.

Әрбір сактандыру өнімі сактандырудың нақты объектісі арақатынаста, сактандыру себебін (сактандыру тәуекелі), оның құны (сактандыру тарифі) анықтайды, соңғысы сактандырылатын оқиғалар алдында ақшалай төлемдер (есептер) шартты анықталады. Сактандыру өнімінің күзілігі (сертификаты) болып сактандыру шартының болу фактісін растайтын сактандыру төлемі табылады.

Көптеген сактандыру компанияларының жартысынан көбі жиналған жарналарды қайта сактандыруға және негізінен шетелдік сактандырушыларға береді. Әрбір үшінші сактандыру компаниясы өзінде жиналған сактандыру жарналарының 20 % қалдырылады.



23-сурет. ҚР сактандырурындың салалық құрылымы.

Ескерту: автормен кұрастырылған.

Сактандыру компанияларының банк акцияларын сатып алуы келесі тенденция болды. Қаржылық дағдарыс жағдайында және банктердің сыртқы қарыздардың үлкен көлемін өтеу, сонымен қатар Қазақстан банктарі қызметінде орын алған банк басшыларының потенциалды мүмкін қаржы алаяқтығында әрбір банкпен занды тұлғамен – ерекше сактандыру компаниялары рөлін атқаратын, банк депозиттерін сактандыру қоры – шарт негізінде, банк депозиттерін сактандыру сұрағы тұрады. Банктер оған салымдардың жекелеген түрлеріне сактандыру сомаларын төлейді, ол депозиттер бойынша пайыздық ставканы төмендетуге негіз болады. Оның құрылтайшысы болып ҚР ҰБ табылады. Ол ез жұмысын ҚР 1999 жылы бастады, дегенмен батыс елдерінде бұндай тәжірибе бірнеше ондаған жылдар бойы болды. Оны құрғанға дейін ҚР көптеген банктар депозиттерді қорғай алмай ез қызметтерін тоқтатты.

Сактандырулушылар құқығын қорғау мәселе болып қалады және оны кепілдендіру келесілерді талаң етеді:

- сактандыру саласының акпараттық анықтығы;
- сактандыру компанияларының қаржылық тұрақтылығы мен сенімділігі;
- сактандырушылардың банкроттық жағдайында сактандырушыларды қорғау.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде сактандыру қоғамын үйімдастыру нысаны мен көлемі бойынша әртүрлі көптеген сактандыру қоғамдары жүзеге асырады. АҚШ-тың қазіргі нарығы – 2500 сактандыру үйімдемен, Англия – 840, Австрия – 170, Франция – 562 сактандыру үйімдарымен көрсетілген.

Сактандыру компанияларының қызметі занды актілермен реттеледі, оны орындағаны үшін олар қаржылық жауапкершілікте болады.

1989 ж. шетелдік көздер мәліметтері бойынша әлемде 15 мыңға жуық сактандыру компаниялары болды, олардың саны соңғы жылдары маңызды өзгерген жоқ. Көлемі бойынша ұсақ сактандыру қызметі мен активтерінің үлкен санымен қатар сактандырурында қызметі анық халықаралық сипаттағы 100-ге тарта ірі сактандыру корпорациялары қызмет етеді.

Ең ірі және дамыған сактандыру нарыктары өнеркәсіптік дамыған елдерде қалыптасқан. Әлемдік көлемде жиналған сактандыру сыйақысы көлемі бойынша бірінші орында АҚШ – 30%, Жапония – 22,5%, УФР – 7,6 %, басқа елдер – 30,9 %.

Қайта сактандыру рыногы тікелей сактандырудың дамуының маңызды факторы болып табылады. Экономикалық оқшауландырылған сактандыру компаниялары басқа сактандырушылармен өз қатынасын қайта сактандыру негізінде құрады. Қайта сактандыру компанияларын сактандыру рыногының екінші қатысуышысы ретінде ерекшелеге болады. Өндіріс пен материалдық құндылықтардың үлкен құнын шоғырландырудың қазіргі деңгейінде, тек қана қайта сактандыру механизмі сактандырушыларға ірі сактандыру компанияларының, ал кей кездерде жекелеген сактандыру рыногының мүмкіндітерінен асып кететін көлемдегі тәуекелдер мен шығындарды сактандыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда тәуекелді бөлу ұлттық экономикалар шенберіндеған жүргізімдейді, ол шаруашалық байланыстарын интернационализациялауды есепке ала отырып халықаралық сипатқа ие болады. Шет елдерде қайта сактандыру компаниялары сактандыру рыногына міндетті қатысуышы болып табылады.

Олар сактандыру үйимдарымен салыстырғанда жоғарғы тұрақтылықка, жарғылық капиталдың үлкен көлеміне, шарушылықтың әртүрлі салаларына инвестицияланған үлкен ресурстарға ие мамандандырылған компаниялар болып табылады. Қазіргі кезде 250-ге жуық қайта сактандыру компаниялары қызмет етеді. Отандық сактандыру компаниялары өздерінің тәуекелдерінің бөлігін шет елде сактандырады. 1994 ж. 16 сәуірдегі ҚР аймағында сактандыру қызметін лицензиялау туралы ережеде сактандырудың жекелеген түрлері бойынша тәуекелдердің накты мөлшерлері сактандыру қызметі түрлерін бойынша сактандыру төлемдерінен белгілі пайызда белгіленген. Компания мүмкіндігінен жоғарғы жауапкершілік қайта сактандыруға берілді.

ҚР қайта сактандыру рыногының пайда болуы 1999 жылға қатысты. Осы жылдың өзінде ҚР кәсіби қайта сактандыру құрылымы мен ұлттық сактандырушылардың әлсіздігі салдарынан, қайта сактандыруға 242,9 млрд. теңге көлеміндегі жауапкершілік берілді және шетелдік серіктестіктер үлесі 98,4% құрайды.

Қазіргі кезде ҚР қайта сактандыру операцияларын Қазахинстрах, Алматы-АСКО, Авиаполис, Надежда, Астыкинстрах, АКО-АСКО, Райнбек- Сейсмополис, Интергрейт және т.б. сактандыру компаниялары орындаиды. Қайта сактандырурында Қазахинстрах сактандыру компаниясы көшбасшы болып табылады, оның үлесіне республикада жүргізілетін операциялардың 89% келеді.

Қазақстандық сактандырушылар тәуекелді қайта сактандыру бойынша шетелдік компаниялармен жұмыс істейді. Олар: Ресей («Транссиб РЕ», «Виора СИФ», «СК «Континет-Полис», «АСКО», «Национальное перестраховочное общество», «Госстрах», «Инстарх»), Германия («Келн РЕ»), Англия («Александр Хауден Групп»). Сактандыру жауапкершілігі әлемнің 150-200 ірі сактандыру компанияларында орналастырылуы мүмкін.

Қазақстанның сактандыру рыногының ерекшелігі келесідей:

- сактандырушылар санының тұракты ұлғаюы байқалады, сактандыру компанияларының жарғылық капиталы ұлғаюда;
- сактандыру операцияларының көлемі маңызды өсті;
- мұліктік сактандыру түрінің үлесінің өсуі байқалады;
- жеке сактандыруда жазатайым оқиғадан қысқа мерзімді сактандыру үлесі, өмірді сактандыру үлесі өсті;
- қайта сактандыру рыногы дамудың бастапқы сатысында, бірақ дамуда;
- халықтың сатып алу қабілеті төмендеуде;
- республика кәсіпорындарының экономикалық дәрменсіздігі;
- потенциалды сактандырушылардың кәсібілігі мен сактандыру мәдениетінің төменгі дейгейі;
- сактандыру рыногы инфрақұрылымының дамымауы, яғни сактандыру институттары мен кәсіби мамандар-сарапшыларды, брокерлерді, актуарийлерді дайындаудың тұтас жүйесінің болмауы;
- сактандырушылардың төменгі қаржылық тұрақтылығы;
- қаржы, салық механизмдерінің сактандыру рыногы құралдарымен келісілмегендігі;

- жалпы ішкі өнімге сақтандыру сыйақыларының қатынасының, жалпы ішкі өнімге сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының қатынасының жан басына сақтандыру сыйақыларының өсүі байқалады, бұл көрсеткіштер әлемнің ғана емес, сонымен қатар Ресей мен Батыс Еуропа көрсеткіштерінен ондаған есеге аз.

Инвестициялық қызметті жүзеге асыру және қосымша кірісті алу Республикада сақтандыру бизнесінің сапалық деңгейін көтерудің маңызды факторы болып табылады.

ҚР сақтандыруды дамыту бағдарламалары толық көлемде орындалмаған. Отандық сақтандыру компанияларын капитализациялау деңгейі жеткіліксіз болып қалып отыр. Оларға сақтандырудары ірі жобалар қол жеткізімсіз. ҚР сақтандыру ұйымдары белгілі институционалды инвесторлар бола алмады. Соңғы жылдары ҚР ҰБ сақтандыру рыногы мәселелерін шешу бойынша заң және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және дамыту облысында, нарық тұрақтылығын көтеру және сақтандырылушыларды корғау жөнінде үлкен жұмыстар жасалды. Сақтандырылушыларга талаптарды көтеру олардың санын азайтуға, әрекеттегі компаниялардың капитализациясын, олардың тұрақтылығын көтеруге мүмкіндік береді. Сақтандыру компаниялары активтерінің ұлғаюы олардың күрьымы мен сапасын жақсартумен үйлесті.

Бірақ ҚР сақтандыру рыногында мәселе жеткілікті. Нарықтың жеделділген дамуына кедергі келтіретін себептердің бірі болып сақтандырудың міндетті түрлерінің жеткіліксіз дамуы табылады.


Сақтандыру қызметтерінде оның салынған негізгі субъектілері мен нарықтың төменгі төлем қабілеттілігін жатқызады.

Сақтандыру мәдениетінің жеткіліксіз деңгейі мен нарықтың өмірді сақтандыру институтына сенімсіздігі нарық мәселелерінің бірі болып есептеледі. Өсідің маңызды қарқынына қарамастан ҚР сақтандыру рыногы экономика мен нарық өмірінде маңызды рөл ойнамайды. Сақтандыру қызметтерінің тізімі көптеген сақтандыру компанияларында шектелген және олардың мүмкіндіктері де шектелген, ол экономика мен қаржы қызметтері нарығының өсіп келе жатқан талаптарына жауап бермейді, ірі жобаларға қолы жетпейді және де олар белгілі институционалды инвесторлар болмады.

Сақтандыру компанияларының қызметі туралы ақпарат шектеулі және жеткіліксіз болып қалып отыр, нарықтың жабдықтығы халықтың сақтандыруға деген сенімі мен мүдделігін көтеруге ықпал етпейді. Одан әрі қарай заң және нормативті базаны жетілдіру, салық салуды оңтайландыру сұраптарын шешу, дамыған елдердің көрсеткіштер деңгейіне жақындау керек.

Үлттық сақтандыру рыногының дамуы маңызды тапсырмалардың бірі болып табылады. Сақтандыру рыногының сақтандыру мен қайта сақтандыру схемасына интеграциялануы ҚР ХСҰ енуінің сақтандыру секторы белгіліндегі белгілі принциптері 2000 жылдан бастап ҚР ҰБ мүше болып табылады.

Сақтандыру рыногы өркениетті қоғамның белгіндейтін белгі болып табылады. Осыған байланысты оны дамыту стратегиясы республиканың жалпы экономикалық даму стратегиясымен үйлестірілуі қажет.



Сақтандыру ұйымдарының активтері, пассивтері, кірістері мен шығыстары қызметтінің нәтижелері

Сақтандыру ұйымының активтері мен пассивтері оның балансынан көрінеді (15-кесте).

15-кесте. 01.01.200X жылға сақтандыру ұйымының балансы (теңге)

(сандар шартты)

АКТИВ	Сома мын тенге	ПАССИВ	Сома мын тенге
1	2	3	4
I. Басқалай активтер, барлығы	190000	I. Басқалай пассивтер, барлығы	10000
Оның ішінде		Дивидендтер бойынша есеп	0
Жер мен гимараттардан басқа, негізгі құралдар	50000	Болашақ кезең кірістері	0
Материалдық құндылықтар	10000	Тұтыну қорлары	0
Акшалай қарожаттар	145000	Алдағы шығыстар мен төлемдердің резервтері	10000

Кестенің жалгасы

1	2	3	4
Болашақ кезең шығындары	10000	Міндетті сактандыруга нысаналы қаржыландыру	0
Басқалай активтер	0	Басқалай пассивтер	0
		2. Кредиторлар, барлығы	75000
2. Қайта сактандыруда алынған тәуекелдер бойынша депо сыйақылар	0	Оның ішінде	
		Жалакы бойынша	20000
3. Дебиторлар, барлығы	10000	Әлеуметтік сактандыру мен қамтамасыздандыру бойынша	5000
Сактандыру және қайта сактандыру операциялары бойынша дебиторлық қарыз	10000	Бюджет алдында	50000
Жарғылық капиталға жарналар бойынша дебиторлық қарыз	0	Басқалай кредиторлар	0
Басқалай дебиторлық қарыз		3. Қайта сактандыруға берілген тәуекелдер бойынша депо сыйақылар	0
4. Сактандыру резервтеріндегі қайта сактандыру үлесі, барлығы	50000	4. Сактандыру резервтері, барлығы	400000
Оның ішінде		Оның ішінде	
Жасалынбаган сыйақы резерві	10000	Жасалынбаган сыйақы резерві	50000
Өмірді сактандыру бойынша резерв	30000	Өмірді сактандыру бойынша резерв	275000
Шығындар резерві	10000	Шығындар резерві мен басқалай техникалық резервтер	50000
		Алдын алу шараларының резерві	2000
5. Қаржылық салымдарға инвестициялар, барлығы	300000	Міндетті медициналық сактандыру бойынша резервтер	5000
Оның ішінде			
Жылдымайтын мұлік	0	5. Капитал және резервтер, барлығы	156000

Кестенің соңы

1	2	3	4
Қаржылық салымдар мен капиталға катысу	75000	Оның ішінде	
Өмірді сактандыру бойынша ссудалар	225000	Жарғылық капитал	50000
Басқалай қаржылық салымдар	0	Үстеме капитал	0
		Резервтік капитал	5000
6. Материалдық емес активтер, барлығы	40000	Нысаналы қаржыландыру мен түсімдер	0
Оның ішінде		Есепті жылдың бөлінбеген пайдасы	25000
лицензиялар	20000	Арнайы тағайындалған қорлар	50000
Ұйымдастыру шығындары	15000		
Баланс валютасы, барлығы	615000	Валюта балансы, барлығы	615000

Сактандыру резервтері пассивтердің негізгі балтары (сактандыру компаниясын қаржыландыру көзі) болып табылады. Сактандыру резервтерінің шамасы сактандыру оқиғасының түсү ықтималдылығынан қалыптасады. Сактандыру резервтерінің шамасы компанияның клиенттерге сактандыру өтемдерін төлеу бойынша қарыздарына, берілген сактандыру полистерінің әрекет ету мерзімінде төлемдер бойынша қарыздың құралу мүмкіндігін қоса сәйкес болуы керек.

16-кестеде сактандыру ұйымының пайдасы мен шығындары туралы есебі келтірілген, одан сактандыру ұйымының кірістері мен шығындары көрінеді.

16-кесте. 200X жылды сактандыру ұйымының пайдасы мен шығындары туралы есебі (сандар шартты)


Кірістер мен шығыстар балтары	Сома, мың теңге
1. Өмірді сактандыру	
1.1. Сактандыру жарналары (сыйақылар)	32000
Оның ішінде	
1.1.1. Қайта сактандыруға берілген тәуелдер бойынша	400
1.1.2. Сактандыру жарналары (сыйақылар) – қайта сактандыру неттосы	31600

Кестенің жалғасы	
1.2.Инвестициялар бойынша кірістер	80
1.3.Инвестициялар бойынша шығыстар	20
1.4. Қайта сақтандыру үлесін есепке ала отырып толентен шығындар (төлемдер)	20000
1.5. Өмірді сақтандыру бойынша қайта сақтандыру үлесін есепке ала отырып резервтерді өзгерту	-10000
1.6. Операциялық шығыстар – қайта сақтандыру неттосы	1660
1.7. Өмірді сақтандыру бойынша операциялардың нәтижесі (1.1-1.1.1.+1.2.+1.3.-1.4.-1.5.-1.6.)	20000
2. Өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру	
2.1.Сақтандыру жарналары (сыйакы), барлығы	30000000
2.1.1. Қайта сақтандыруға берілген тәуелдер бойынша	1460000
2.1.2. Сақтандыру жарналары (сыйакылар) – қайта сақтандыру неттосы	1540000
2.2. Жасалынбаган сыйакының резервтерін қайта сақтандырушылардың үлесін есепке ала отырып өзгерту	600000
2.3. Қайта сақтандырушылардың үлесін есепке ала отырып толентен шығындар (сақтандыру төлемдері)	1400000
2.4. Шығындар резервін қайта сақтандырушылардың үлесін есепке ала отырып өзгерту	200000
2.5. Алдын алу шаралары резервіне аударымдар	100000
2.6. Әртүр қауіпсіздігі корына аударымдар	20000
2.7. Операциялық шығындар	140000
2.8. Сақтандырудың басқа түрлері бойынша операциялардың нәтижесі (2.1-2.1.1.-2..2-2.3.-124.-2.5.-2.6.-2.7)	340000
3. Басқалай кірістер мен шығыстар	
3.1. Инвестициялар бойынша кірістер	160000
3.2. Инвестициялар бойынша шығыстар	40000
3.3. Басқару шығындары	60000
3.4. Басқалай кірістер	0
3.5. Басқалай шығыстар	20000
3.6. Басқалай кірістер мен шығыстар сальдосы (3.1-3.2-3.3+3.4-3.5)	40000
4. Жалпы және таза кіріс	
4.1. Пайда (сақтандыру және қаржылық қызметтен шығын (1.7+2.8+3.6)	400000
4.2. Басқалай кірістер	100000
4.3. Басқалай шығыстар	60000
4.4. Есепті кезең пайдасы (шығыны) (4.1+4.2-4.3)	440000
4.5. Пайдаға салынатын салық	60000
4.6. Оқшауландырылған қаржат	200000
4.7.Есепті кезеңнің болінбекен пайдасы (шығын) (4.4-4.5-4.6)	180000

24-суретте сақтандыру компаниясының қаржысының қалыптасу сыйбасы келтірілген.



24-сурет. Сақтандыру үйімінің қаржыларының қалыптасуы.



Сақтандыру компаниялары сақтандыру рыногына қатысушылар ретінде

Жұмыс істейтін сақтандырурын әртүрлі құрылымдық будындарды біріктіретін күрделі жүйені құрайды. Сақтандырурында осындай бірінші қатысушы болып тікелей сақтандыру компаниялары табылады, яғни сақтандыру операцияларын жүргізетін мамандандырылған үйимдар. Осы жерде ерекше, өзіндік ерекше қорларды қалыптастыру процесі жүзеге асырылады, ол осы қорларды құруға қатысушылардың шығынын өтеуге арналған.

Сақтандыру компаниясы – сақтандырурын үйінің негізгі элементі, сақтандыру қорын үйімдастырудың нақты нысаны. Ол сақтандырушымен қатынасқа түсे отырып сақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану процесін жүзеге асырады. Сақтандыру компаниясын сақтандыру қорының көгамдық ныса-

ны, нарықтық инфрақұрылымның керекті элементі, шаруашылық өмірдің толық құбындықты субъектісі деп айтуға болады.

Бұл өз қызметін алынған лицензия негізінде шарттарды жасау мен атқару бойынша жүзеге асыратын коммерциялық үйім. Сактандыру компаниялары АҚ нысанында құрылады, сонымен қатар жеке және заңды тұлғалар, резиденттер мен бейрезиденттер, мемлекет үкімет ретінде құрылтайшы бола алады.

Сактандыру компаниясы сактандыру мен оған қызмет көрсету шартын жасайды. Бұл сактандыру рыногының басқа сактандыру үйімдарымен ортақ сактандыру мен қайта сактандыру шарттары негізінде қатынасқа түсегін экономикалық шарттастырылған буын.

Отандық сактандыру компанияларының жарғылық капиталы ақшалай нысанда, ұлттық валютада қалыптастырылады. Құрылтайшыларға тартылған және қарыз капиталын пайдалануға тиым салынады. Сактандыру компанияларын құруға рұхсатты Қаржы нарығы мен қаржы үйімдарын реттеу мен қадағалау бойынша агенттілік қабылдайды және ол келесі құжаттарды ұсынғанда лицензия береді:

- сактандыру компаниясын құруға рұхсат алуға арыз;
- жарғы;
- құрылтайшылардың сактандыру үйімын құру шешімі туралы хаттама;
- құрылтайшылар туралы мәліметтер.

Лицензия алу үшін келесі, құжаттар ұсынылады:

- лицензия алуға арыз;
- тіркеу туралы куәлік пен статистикалық карточканың нотариалды куәланырылған көшірмесі;
- жарғының нотариалды куәланырылған көшірмесі;
- жарғылық капиталды төлеу толықтығы туралы түбіртек;
- сактандыру компаниясы басшылығы туралы мәлімет;
- сактандыру тәртібі;
- ішкі аудит қызметі туралы ереже.

Сактандыру компаниялары өз сактандыру қорын сактандыру төлемдері (сактандыру сыйақылары) есебінен шоғырландырады және оны ҚР заңдылығымен рұхсат етілген бағытқа сәйкес

қаржылық инвестицияны жүзеге отырып бағалы қағаздарға салады. Олар өз кірістерін басқа кәсіпорындардың акциялары мен облигацияларына, мемлекеттік бағалы қағаздарға салады, сонымен қатар ақшалай қорға ие, банктік мекеме ретінде кәсіпорындар мен мемлекетке несие бере алады. Алынған лицензиялар жинақтаушы сактандыруға немесе жинақтаумен үлеспейтін басқа нысандарға рұхсат береді.

Шартты жасауда сактандыруши сактандырылушының жағдайын мұхият қадағалайды. Сактандырылушыға аз мерзім, сактандырушыға – ұзақ мерзім тиімді, ейткені ол шығынды жаба алмайды.

Сактандыру компаниялары сактандыру қызметтерін ұсынуда бэсекелестік жағдайда бола отырып атқаруды жетілдіреді, сактандыру объектілері тізімін кеңейтеді.

Сактандыру компаниясы бір мезгілде өмірді сактандырумен де, мүлікті сактандырумен де айналыса алмайды.

Сактандыру компаниясы сактандыру үйімы сактанушыға сактандыру шартын жасау арқылы сактандырудың бір немесе бірнеше сыныбы шегінде әзірлейтін және беретін сактандыру түрлерін әзірлей алады.

Сактандыру компаниялары келесілерді жүзеге асыра алады:

- басқа заңды тұлғалар мен мемлекеттің бағалы қарыздарына қаржылық салынды жүзеге асыра отырып, инвестициялық қызметті;
- басқа заңды тұлғалар мен мемлекетке несиeler беру;
- өз сактандырылышыларына жинақтаушы сактандыру шарты бойынша өтеуін төлеп алу сомасынан жоғары емес мөлшерде заемдар беру;
- сактандыру қызметі бойынша қолданбалы бағдарламалар пакетін сату;
- сактандыру қызметі туралы әдебиетті сату;
- өз мүмкін жалға беру немесе сату;
- сактандыру сұраптары бойынша кеңес беруді жүзеге асыру;
- сактандыру облысында мамандар кәсібін көтеру үшін окуды жүргізу;
- сактандыру облысында мамандар кәсібін көтеру үшін окуды жүргізу;
- сактандыру агенті ретінде қатысу.

Қаржыжүйесі(микроорта)ретіндесақтандыру компаниясының ішкі элементтеріне сактандыру өнімдері, сактандыру полистерін сатуды ұйымдастыру жүйесі, сактандыру тарифтерінің жүйесі, сактандырушының меншікті құрылымы, ресурстар (материалдық, қаржы, енбек) жатады.

Басқарушы факторларға сактандырылуышыларға техникалық қызмет көрсету деңгейін, мәдениет деңгейі мен клиенттермен жұмыс сапасы деңгейін жатқызады.

Осы жүйенің (макроорта) сыртқы элементтеріне нарықтық сұранысты, бәсекелестікті, сактандыру қызметтерінің науқанын, сактандыру рыногының инфрақұрылымын жатқызады. Сактандыру компанияларының баскарылмайтын факторларына ғылыми-техникалық прогресс, мемлекеттің саясаты, халық саны мен оның құрамы, ақша жүйесінің жағдайы, халықтың өмір сүру деңгейі, сактандыру мәдениетінің деңгейі, ұлттық дәстүр, әлемдік сактандыру рыногының конъюнктурасы жатады.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау бойынша агенттік сактандыру компаниялары үшін пруденциялық нормативтерді белгіледі, оны сақтау олардың төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, сактандырудың бір шарты бойынша міндеттеменің ең жоғарғы көлемі меншікті капитал мен сактандыру резервтері мөлшерінің 10%-нан аспауы керек, олардың тағайындалуы – сактандыру шарты бойынша сактандыру төлемдері.

Сактандыру ұйымдары орындалатын сактандыру операцияларының сипаты, қызмет көрсету зонасы бойынша сипатталады.

Сактандыру ұйымдары заңды актілерді, әдістемелік нұсқауларды әзірлеуге, конференцияларды, біліктілікті көтеру курстарын ұйымдастыру, сактандыру компанияларының қаржылық тұрақтылығын нығайту бойынша шараларға қатысу үшін бірлестіктерді құрады. Сактандыру ұйымдары филиалдарды өкілдіктер мен еншілес ұйымдарды құра алады.

Жарғылық капиталдың маңызды мөлшері салықтық жеңілдіктер сактандыру фирмаларының санын 1991 жылдан бастап Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы бесжылдықта бірнеше жүзге дейін көтеруге мүмкіндік берді. Сактандыру туралы заңда

маңызды кемшіліктер орын алды, олар: ол салық ұйымдарына қатаң талапты белгіледі, оның ішінде салықтық; оларға қызметтің басқа түрлерімен айналысуға рұқсат берді. ҚР Президентінің «Сактандыру рыногын қалыптастыру және дамыту бойынша ұйымдастыру құқықтық шаралар туралы» жарлығы сактандыру компанияларының жарғылық капиталын ұлғайтуды талап етті, олардың қызметтің басқа түрімен айналысуна тыбым салды. Қабылданған шаралар нәтижесесінде олардың саны 2006 жылы 53-ке дейін төмендеді. 2000 жылдың басында 70 сактандыру компаниясының сактандыру қызметін жүргізуге лицензиясы болады. Қазірде Қазақстанда филиалдардың тармақталған торабы бар 39 ұйым лицензияланған қызметпен айналысады.

«Сактандыру қызметі туралы» замен ҚР аумағында резидент емес сактандыру компанияларының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға, сонымен қатар бейрезиденттердің сактандыру-брекерлерін, олардың салыстырмалы дербестігі мен ақшаны шетелге аудару мүмкіндігінің болуына байланысты рұқсат етілмейді.

Қазақстанда сактандыру компанияларының маңызды мәселесі болып жоғарғы деңгейдегі білікті мамандардың болмауы табылады. Бұл мәселелерді шешу елдің оку орындары мен Қазақстанның сактандырушылар одағына жүктелуі керек.


17,18-кестелерде Қазақстанның 2001-2006 жылдардағы сактандыру компанияларының саны, сактандыру компанияларының сактандыру төлемдерінің түсі мен сактандыру өтемдерін төлеу туралы мәліметтер келтірлген.

17-кесте. 2001-2006 жылдар аралығында сактандырылуышылардан

Қазақстанның сактандырушылары алған сактандыру сыйақылары

Көрсеткіш	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	Фонд қаржыны
Міндетті сактандыру	1305	1202	2842	4446	12951	17885	13,70
Ерікті жеке сактандыру	1759	1813	2778	4546	7831	12888	7,33
Ерікті мүліктік сактандыру	10810	19605	23250	30986	46341	89493	8,28
Барлығы	13873	22719	28870	39978	67123	120266	8,67
Сактандыру фирмаларының саны	38	34	32	36	37	38	1,03

Ескерткі: статистика бойынша агенттіліктің мәліметтері.



25-сурет. 2001-2006 жылдар аралығында сактандырылуышылардың сактандыруышыларға төлеген сактандыру сыйақылары


Көріп отырганымыздай міндетті сактандыру бойынша сактандыру төлемдері ерікті сактандыру – жеке және мүліктік – бойынша өсу қарқынынан 1,7 есеге асып отыр. Сактандыру фирмаларының саны салыстырмалы тұрақты, бірақ Қазақстанның тәуелсіздік алған кезінен бастап олардың саны жекелеген сактандыру филиалдарының жабылуы және фирмалардың бірігін салдарынан кеміді, өйткені олардың жарғылық және меншікті капиталына қойылатын талап тұрақты түрде көтеріліп отыр.

18-кесте. 2001-2006 жылдар аралығында сактандыруышылардың Қазақстанның сактандырылуышыларына сактандыру төлемдері

млн. теңге

Көрсеткіш	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	Өсу қарқыны
Міндетті сактандыру	585	759	1317	2839	3328	4974	8,50
Ерікті жеке сактандыру	607	586	989	1266	1678	2013	3,32
Ерікті мүліктік сактандыру	1006	969	1867	2638	5764	7105	7,06
Барлығы	2198	2315	4172	6743	10770	14092	6,41

Ескерту: Статистика бойынша агенттіліктік мәліметтері.




26-сурет. 2001-2006 жылдар аралығында сактандыруышылардың сактандыруышыларға сактандыру төлемдерінің серпіні

26-сурет мәліметтері ең үлкен өсу қарқыны ерікті мүліктік сактандырудың өсу қарқыны екендігін көрсетеді.


26,27-сурет мәліметтері бойынша сактандыру сыйақылары мен сактандыру төлемдері келесілер бойынша сәйкес келмейді:

- міндетті сактандыру бойынша 15 пайыз 35пайыздан кем;
- ерікті жеке сактандыру бойынша 11пайыз 14 пайыздан кем;
- ерікті мүліктік сактандыру бойынша 74пайыз 51пайыздан көп.

Көрсетілген талдау мәліметтері сактандыру сыйақылары мен сактандыру төлемдерін балансқа экелу керектігін көрсетті. Бөлшектеп айтқанда міндетті сактандыру бойынша сактандыру сыйақыларын кем дегенде екі есеге ұлғайту керек.



27-сурет. 2006 жылы Қазақстаниң сақтандырылуышыларының сақтандырушыларға төлеген сақтандыру сыйақыларының құрылымы.



27-сурет. 2006 жылы Қазақстаниң сақтандырушыларының сақтандырушыларға төлеген сақтандыру сыйақыларының құрылымы.

19-кестеде сақтандыру сыйақылардағы сақтандыру төлемдерінің үлесі сипатталған.

19-кесте. 2001-2006 жылдар аралығындағы Қазақстаниң сақтандыру компанияларының сақтандыру төлемдері мен сақтандыру сыйақыларының арақатынасы

Көрсеткіш	2001	2006	Өсу қарқыны
Міндетті сақтандыру	44,8	27,81	0,62
Ерікті жеке сақтандыру	34,5	15,6	0,45
Ерікті мұліктік сақтандыру	9,3	7,9	0,85
Барлығы	15,8	11,7	0,74

Ескерту: автормен құрастырылған.

Көріп отырғанымыздай, сақтандыру компанияларының сақтандыру сыйақыларындағы (негізгі кірістердегі) сақтандыру төлемдерінің үлесі жеткілікті төмен – 2001 жылы 15,8%, 2006 жылы – 11,7% және ол төмендеуде. Бұл сақтандыру сыйақылары

мен тарифтердің нормалау әдіstemесін қайта қарастыру керектігін білдіреді, ойткені сақтандыру қорларының өсуі негізсіз.

2008 жылдың 1-ші желтоқсанына берілген лицензияларға сәйкес республиканың қаржы нарығында 44 сақтандыру үйымдары жұмыс істеді. Өмірді сақтандыру бойынша 8 үйимның азаматтық құқықтық міндеттері иелерін міндетті сақтандыру бойынша 29 үйимның лицензиясы болды. Сонымен қатар сақтандыру қызметі нарығында 12 сақтандыру брокері мен 55 актуарийлер қызмет етеді.

2008 жылдың 1-ші желтоқсанына сақтандыру үйымдарының активтері - 269,1 млрд. теңгені, меншікті каптиал - 162,8 млрд. теңгені, сақтандыру резервтерінің сомасы - 88,2 млрд. теңгені, сақтандыру сыйақыларының көлемі - 124,6 млрд. теңгені, оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша - 5 млрд. теңгені құрады. Сақтандыру сыйақыларындағы өмірді сақтандыру үлесі 4,1%. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйақыларының сомасы 57,4 млрд. теңге немесе сақтандыру сыйақыларының жалпы көлемінің 46,1%, сонымен бірге бейрезиденттерге қайта сақтандыру үшін сақтандыру сыйақыларының 40,3% берілген.

2008 жылдың он бір айына сақтандыру төлемдерінің көлемі 53,6 млрд. теңгені, оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша 8,2 млрд. теңгені, ерікті жеке сақтандыру бойынша 7,4 млрд. теңгені, ерікті мұліктік сақтандыру бойынша - 38,1 млрд. теңгені құрады. Барлық көрсеткіштер еткен кезеңмен салыстырғанда есті.

Сақтандыру үйымының пайда көзі болып сақтандыру қызметіне, уақытша бос қаражаттарды өндірістік және өндірістік емес сфераларға инвестициялаудан, кәсіпорын акцияларынан, банк депозиттерінен түсетін кірістер есептеледі және т.б.

Сақтандыру компаниясы – сақтандыру рыногының негізгі буыны.

Сақтандыру компаниясы – сақтандыру және оларға қызмет көрсету шарттарын жасауды жүзеге асыратын, шарттастырылған құрылымды сипаттайтын, сақтандыру қоры қызметінің белгілі қоғамдық нысаны. Сақтандыру компаниясына техникалық-үйымдастырушылық бірлік пен оның ресурстарының экономикалық шарттастырылуы, олардың дербес толық айналымы тән.

Сақтандыру компаниясы экономикалық жүйеде өндірістік қатынастардың белгілі жүйесінде дербес шаруашылық субъектісі ретінде қызмет етеді. Өз қатынасын тек қана сақтандырылуышылармен ғана емес, қайта сақтандыру мен ортақ сақтандыру негізінде басқа сақтандырушылармен де құрады.

Сақтандыру компанияларының жаңа рөлі олардың мамандандырылған несие институттарының функцияларын көтеп аткаруында, яғни шаруашылық қызметтің жекелеген сфералары мен салаларын несиелеумен айналысады.

Сақтандыру активтер шамасы мен оларды мүмкіншілігінше ссудалық капитал ретінде пайдалануы бойынша коммерциялық банктарден кейінгі алғы позицияны алады.

Олармен шоғырландырылатын ресурстар оларды бағалы қағаздар нарығы арқылы ұзақ мерзімді өндірістік салымдар үшін пайдалануға мүмкіндікті құрайды. Банктар ондай мүмкіндіктерге ие емес. Осылай байланысты сақтандыру компаниялары капиталдар нарығында алғы орынды алуды мүмкін.

Сақтандыру компаниялары келесі типтерде болуы мүмкін:

- акционерлік сақтандыру қоғамы, яғни акцияларды сату жолымен ақшалай қаражаттарды орталықтандыру негізінде сақтандыру қорларын ұйымдастыру нысаны;
- ең ірі және қауіпті тәуекелдерді қайталаپ сақтандыруды жүзеге асыратын қайта сақтандыру компаниялары;
- сақтандыру қорын қаражаттарды оның мүшелерінің паймен қатысу жолымен орталықтандыру негізінде ұйымдастыруды қарастыратын өзара сақтандыру қоғамы;
- мемлекеттік сақтандыру компаниясы – мемлекетпен құрылған сақтандыру қорын жариялыш-құқықтық ұйымдастыру, мысалы, экспортты сақтандыру бойынша Қазақстандық корпорация;
- мемлекеттік емес зейнетакы қоры – сақтандырылуышыға оның зейнеткерлік жасына жеткенде төлеуге кепілдік беретін жеке сақтандыруды ұйымдастырудың ерекше формасы.

Сақтандыру компаниялары шешетін негізгі функционалды тапсырмалар:

- сақтандыру шартын жасау. Сонымен қатар әрбір сақтандырылуши бойынша алдыңғы шарттардың болуы, сақтандыру төлемдері тексеріледі, тарифтік ставкаға түзету коэффициенттері есептеледі, шарт мәліметтері одан әрі өндіре үшін бағаға енгізіледі, керекті құжаттар беріледі;
- қосымша шартты жасау. Негізгі шартты есепке ала отырып сақтандырудың өзгерген шарты немесе объектілері бойынша есептеулер, қайтадан жасалған немесе өзгерілген шарттар туралы мәліметтер базасын толықтыру;
- қайта сақтандыру келісімін жасау;
- қайта сақтандырылуышыларға ақшалай қаражаттарды аудару;
- сақтандыру келісімінің бітуі, мәліметтер базасындағы ақпараттарды резервтер мен басқалай есептерді қалыптастыру үшін ауыстыру;
- сақтандыру оқиғасы түскенде өтемді есептеу, төлемдер проводкасы, келісім бойынша қайта есептеу немесе оны тоқтату сақтандыру оқиғаларының базасын жүргізуі;
- келісімді бұзуда сақтандырылуышымен есеп айырысу, ақшалай қаражаттар проводкасы, келісімдер базасында өзгерістерді жүзеге асыру;
- сақтандыру түрлері бойынша базалық тарифтік ставкаларды есептеу. Мәліметтер базасында сақтандырудың нақты түрі бойынша сақтандыру оқиғасы бойынша шарттарды қарау, статистикалық кестелерді пайдаланып есептеу;
- резервтік қорды, шоттардың ағымды жағдайын талдау, сақтандыру түрлері бойынша келімдер саны мен сомасындағы өзгерістерді бақылау негізінде есептеу, талап және ағымды жағдай бойынша есептеу;
- сақтандыру қаржысын талдау. Сақтандыру рыногының тенденциясын анықтау, меншікті қызметті талдау, одан әрі дамуды болжаку, мүмкін басқарушылық шешім нұсқаларын талдау;
- компанияның қаржылық жағдайын талдау. Көрсеткіштердегі тенденциялар мен өзара байланыстарды анықтау, дамудың мүмкін нұсқаларын талдау;

- ішкі есеп-қисалты жүргізу. Сақтандыру және қайта сақтандыру келісімдерін, сақтандыру полистерін, брокерлік келесімдерді, жалақы бойынша құжаттарды, төлем тапсырмаларын, кассалық ордерлерді және бухгалтерлік проводкаларды, сақтандыру өтемдерін төлеуге арыздарды, сақтандыру оқигалары туралы актілерді өндеду. Акпаратты жинақтау мен өндеду қаржы-экономикалық бөлімдерде, есеп-қисап бөлімінде, полистер иелері, төлемдер, қайта сақтандыру, мамандар бөлімдерінде, агенттіктерде жүргізіледі және т.б.



Бақылау сұрақтары:

- Сақтандыру рыногы дегеніміз не? Оның тағайындалуы қандай?
- Сақтандыру рыногының қатысуышыларын атаңыз және олар атқаратын функциялары атаңыздар.
- Қайта сақтандырушылар дегеніміз кімдер? Сақтандыру компаниялары кай кезде олардың қызметіне жүгінеді?
- Сақтандыру рыногының институционалды күрылымын күрініздар.
- Сақтандыру рыногының салалық күрылымын күрініздар.
- Қазақстанның сақтандыру рыногының ерекшеліктерін және оның болашақтағы даму тенденцияларын атаңыздар.
- Сақтандыру компаниясының балансының активтері мен пассивтерінің ерекшеліктері қандай?
- Сақтандыру компаниясының кірістер мен шығыстар есебінің күрылымы қандай?
- Сақтандыру компанияларының қаржысын қалыптастыруу сыйбасын күрініз.
- Қазақстанның сақтандыру компаниялары турали айтыңыз: құру, лицензия алу, функциялар спектрі, сақтандыру түрлері, сақтандыру сыйақшары мен сақтандыру төлемдерінің көлемі, олардың арақатынасы, сақтандыру компанияларының типтері, қызмет ету мәселесі және оларды шешу жолдары.



ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҚАРЖЫ МӘСЕЛЕЛЕРИ

20-тарау. Бағалы қағаздар нарығы	592
21-тарау. Сыртқы экономикалық байланыс жүйесіндегі қаржы	622